

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 609 қаулысы.

Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру мақсатында, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе, әйелдер мен балалар саудасының алдын алу мене жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері бір ай мерзімде Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық атқарушы және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері:

1) Жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, 2019 – 2020 жылдардағы 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, 2021 жылғы 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2019 – 2020 жылдары, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, 10 ақпаннан кешіктірмей Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржы-ландыру көзі
-------	---------	----------------	-------------------------	-----------------	---------------------------------	--------------------

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
1. Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар						
1	Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және олардың саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның, сондай-ақ әкімдіктердің жанында жұмыс істейтін осыған ұқсас өңірлік комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету	ВАК отырыстары	І І М (2018 – 2019 жылдар) Еңбекмині (2020 – 2021 жылдар) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері 2018 – 2020 жылдар	2018 – 2020 жылдар (жарты жылдықта кемінде бір рет)	талап етілмейді	–
2	Адам сатушылардың қылмыстық кірістерін анықтауға, бақылауға және алуға қаржылық мониторинг органдарының қатысуы, сондай-ақ осы органдардың аталған жұмыстағы құзыретті құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру	ІІМ-ге ақпарат	Қаржымині, ІІМ, БП (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етілмейді	–
	Мыналар: адам саудасына, адамның органдарын және/немесе тіндерін сатуға байланысты					

<p>кылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша; адам органдары мен тіндерінің трансшекаралық заңсыз айналымының, трансплантациялау практикасын регламенттейтін заңнаманы бұзудың алдын алу, жолын кесу, анықтау және тергеу бойынша; заңсыз көші-қон және адам саудасы арналарын жабу, оның ішінде шекара маңы ынтымақтастығы шеңберінде жабу бойынша; мақта алқаптарында, темекі плантациялары мен құрылыс</p> <p>33.1 объектілерінде</p> <p>3.2 мәжбүрлі еңбек етуді,</p> <p>3.3 оның ішінде</p> <p>3.4 балалардың еңбегін</p> <p>3.5 пайдалануды</p> <p>3.6 болдырмау бойынша;</p> <p>3.7 адам сатушылардан қылмыстық жолмен алынған, оның ішінде мемлекеттік шекаралар арқылы өткізілетін кірістерді анықтау, бақылау, алу (тәркілеу) бойынша;</p> <p>жаңа туған/жас балаларды сатумен байланысты қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу бойынша;</p> <p>адам саудасымен байланысты қылмыстарды насихаттайтын интернет-ресурстарды анықтау және жою бойынша бірлескен кешенді және/немесе келісілген</p>	<p>ВАК жұмыс органына ақпарат , ВАК хаттамасы</p>	<p>І І М ІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині ІМ, ҰҚК (келісім бойынша) ІМ, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, Еңбекмині, БҒМ, БП (келісім бойынша) ІМ, Қаржымині ІМ , Б П (келісім бойынша) ІМ, АҚМ, БП (келісім бойынша)</p>	<p>ж ы л с ай ы н</p>	<p>—</p>
--	---	--	---------------------------	----------

	ведомствоаралық профилактикалық, жедел-іздігіру іс-шаралары мен арнайы операциялар өткізу				талап етілмейді	
4	Балалардың құқықтары мен мүдделерін бұзуды , сондай-ақ құжаттарды бұрмалау мүмкіндігін болдырмау мақсатында балаларды, оның ішінде шетелдік азаматтардың асырап алуы саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тексерістер жүргізу	ВАК жұмыс органына ақпарат , ВАК хаттамасы	БҒМ, БП (келісім бойынша), Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша), СІМ, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	–
5	Адам саудасына және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен кешенді және/немесе келісілген ведомствоаралық профилактикалық, жедел-іздігіру іс-шаралары мен арнайы операциялар өткізуде тәжірибе алмасу мақсатында ТМД органдарының отырыстарына қатысу	Т М Д органдарының жұмысына қатысу	ПМ, БП (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша)	2018 – 2020 жылдар	005 "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	РБ

2. Адам саудасы құрабандарына көмек көрсету жөніндегі ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар

					2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде Астана қаласының әкімдігі 2018 жылы – 11 411,0 Ақтөбе облысының әкімдігі 2018 жылы – 11 411,0	
--	--	--	--	--	---	--

7	Адам саудасы құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету	ВАК жұмыс органына ақпарат , ВАК хаттамасы	Еңбекмині (жинақтау), Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ПМ	ж ы л сайын	<p>Еңбекмині 2018 жылы – 159 7 5 4 , 0 2019 жылы – 167 7 4 8 , 0 2020 жылы – 173 6 2 8 , 0 Астана қаласының әкімдігі 2018 жылы – 11 4 1 1 , 0 Алматы облысының әкімдігі 2018 жылы – 11 411 0 2019 жылы – 12 5 5 3 , 0 2020 жылы – 13 0 5 5 , 0 Қостанай облысының әкімдігі 2018 жылы – 11 407 , 0 2019 жылы – 12 553 , 0 2020 жылы – 13 055 , 0 Маңғыстау облысының әкімдігі 2018 жылы – 8 434,342 Павлодар облысының әкімдігі 2018 жылы – 11 4 1 1 , 0 Түркістан облысының әкімдігі 2018 жылы – 11 4 1 1 , 0 2019 жылы – 12 5 5 3 , 0 2020 жылы – 13 055,0</p>	РБ РБ РБ РБ РБ РБ
	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің шетелде қалған адам саудасы құрбандарын анықтау, оларға уақтылы және				001 "Сыртқы саяси қызметті үйлестіру	

8	тиісті көмек көрсету, олардың қауіпсіздігін, құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, отанға жылдамырақ қайтуын қамтамасыз ету бойынша шет елдермен өзара іс-қимыл жасасу және тәжірибе алмасу жөніндегі жұмысын жалғастыру	ВАК жұмыс органына ақпарат, ВАК хаттамасы	СІМ	2018 – 2020 жылдар	жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасына сәйкес	РБ
9	Адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша "сенім телефондарының", "қызу желілердің" жұмысын ұйымдастыру	"сенім телефондарының", "қызу желілердің" жұмыс істеуі	ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ұйымдар	жыл сайын	Норвегия Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын Орталық Азия бойынша Халықаралық көші-қон ұйымының (БҰҰ-ның Көші-қон агенттігі) "Өңірлік және жаһандық қатерлер контексінде Орталық Азияда адам саудасына қарсы күресті және осал мигранттарды қорғауды күшейту" жобасының қаражаты есебінен	—
3. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық						
10	ТМД-ның Атқару комитеті және Аса қауіпті қылмыстарға қарсы күресті үйлестіру бюросы үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2014 – 2018 жылдарға арналған бағдарламасының және Қылмысқа қарсы күрестегі бірлескен шаралардың 2019 – 2023 жылдарға	ТМД-ның Атқару комитетіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), Б П (келісім бойынша), Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл сайын		—

	арналған мемлекетаралық бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат дайындау				талап етілмейді	
11	Адам саудасы құрбандарының өтініштерін қараудың уақтылығы мен заңдылығын, сондай-ақ оларды шыққан мемлекетіне ерікті және қауіпсіз түрде жіберу рәсімін орындаудың негіздемесі мен тәртібін не мұндай адамдардың болатын жері, мерзімдері және жағдайлары туралы мәселенің өзгедей заңды шешімінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру	тексерістер туралы есептер	ІІМ, БП (келісім бойынша), СІМ	жыл сайын	талап етілмейді	–
12	Адам саудасына қарсы іс-қимылмен айналысатын үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен және орталықтармен, олардың тиісті мамандандырылған құрылымдарымен ынтымақтастықты қолдау және дамыту	ВАК жұмыс органына ақпарат, ВАК хаттамасы	ІІМ, Еңбекмині, СІМ, МСМ, БҒМ, Әділетмині, А Қ Ұ О (келісім бойынша), А Қ К (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2018 – 2020 жылдар	талап етілмейді	–
4. Адам саудасына қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық-профилактикалық шаралары						
13	БАҚ-тағы және Интернеттегі адам саудасына және балалар порнографиясына байланысты сол сияқты осындай қызметтерге сұраныс тудыратын жарнама хабарландырулар мен ақпараттық материалдарға қатысты	ВАК жұмыс органына ақпарат, ВАК хаттамасы	ІІМ, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, АҚМ, Б П (келісім бойынша)	жыл сайын		–

	мониторинг жүргізу және құзыретті органдар арасында деректер алмасу				талап етілмейді	
14	Балалардың сексуалдық, еңбекте немесе криминалдық пайдаланудың ықтимал құрбандарына айналу мүмкіндігін жоққа шығару мақсатында өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға уақтылы әлеуметтік және өзге де көмек көрсетуге бағытталған н а қ т ы профилактикалық шараларды іске асыруды жалғастыру	профилактикалық шаралар	БҒМ, Еңбекмині, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	ж ы л сайын	2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде Маңғыстау облысының әкімдігі 2018 жылы – 3 000, 0 Павлодар облысының әкімдігі 2018 жылы – 820,5	ЖБ ЖБ
15	Мемлекеттік еңбек инспекторларының құқық қорғау органдарымен бірлесіп ұйымдарда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуы бойынша жүйелі түрде мониторингтеуді және жоспардан тыс тексерістерді жүзеге асыруы	тексерістер нәтижелері, ВАК жұмыс органына ақпарат	Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, Еңбекмині, ПМ	ж ы л сайын	талап етілмейді	–
16	Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының адам саудасына ықпал ететін шешімдерді қабылдауына және қызметті жүзеге асыруына қатыстылығы фактілері бойынша ақпаратпен, оның ішінде прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру барысында алынған ақпаратпен алмасу	ВАК жұмыс органына ақпарат , ВАК хаттамасы	Б П (келісім бойынша), ПМ, МҚІСҚА (келісім бойынша), Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша)	ж ы л сайын	талап етілмейді	–
					2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық	

17	Адам саудасына, оның ішінде балаларды сатуға қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған мәдени-ағарту және ақпараттық-насихат іс-шараларын, тұрғындар арасында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және өткізу	ақпараттық науқандар, акциялар, флешмобтар	Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ПМ, БҒМ, ДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл сайын	және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде Астана қаласының әкімдігі 2018 жылы – 11 411,0 Ақтөбе облысының әкімдігі 2018 жылы – 1 000,0 Маңғыстау облысының әкімдігі 2018 жылы – 3 000,0	РБ ЖБ ЖБ
18	Адам саудасына қарсы күрес саласындағы құзыретті органдардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде бірінғай республикалық медиа-жоспар шеңберінде жария ету	БАҚ-та мақалалар, жарияланымдар, сөз сөйлеу, баспасөз релиздері	ПМ, Еңбекмині, АҚМ, БҒМ, БП (келісім бойынша), Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	–
5. Ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету						
19	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау және сот органдарымен жұмыс тәжірибесімен, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, әдістемелік ұсынымдармен, статистикалық және өзге де ақпаратпен, сондай-ақ адам саудасына қарсы күрес саласындағы тергеу-сот практикасының нәтижелерімен алмасу	ВАК жұмыс органына ақпарат	ПМ, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етілмейді	–
20	Адам саудасына қарсы күрестің өзекті мәселелері бойынша тәжірибе алмасу мақсатында құзыретті органдардың, оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер өкілдерінің консультацияларын,	семинарлар, кеңестер, кездесулер	ПМ, БП (келісім бойынша)	2018 – 2020 жылдар		–

	семинарларын, кеңестерін, жұмыс кездесулерін өткізу				талап етілмейді	
21	Ғылыми зерттеулер, адам саудасына, мәжбүрлі және кіріптарлық еңбекке, балалар еңбегінің ең нашар нысандарына қарсы күрестің практикасы мен нәтижелеріне мониторинг жүргізу. Осы қылмысқа қарсы іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	ғылыми құралдар, мақалалар, жарияланымдар	ПМ-нің Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы және Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы	2018 – 2020 жылдар	талап етілмейді	–
22	Мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, адам құқықтары жөніндегі уәкілдермен, омбудсмендермен, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, адам саудасына қарсы күрестің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер және тренингтер өткізу және оларға қатысу	семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер	ПМ, Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 – 2020 жылдар	ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар офисінің Халықаралық дөңгелек үстел: Адам саудасына қарсы іс-қимыл" жобасының қаражаты есебінен	" –
6. Кадрлық қамтамасыз ету						
23	Мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерін даярлауда, біліктілігін арттыруда, қайта даярлауда, оның ішінде консультациялар және адам саудасына қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерде тағылымдамалардан өту арқылы ынтымақтасу	біліктілікті арттыру курстары, тренингтер, тағылымдамалар	ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 – 2019 жылдар	Халықаралық көші-қон ұйымының (БҰҰ-ның Көші-қон агенттігі) Даму Қорының Қазақстанға, Қырғызстанға және Тәжікстанға арналған "Интернет желісінде азғырып көндіруге қарсы іс-қимыл арқылы адам саудасына қарсы күрес" жобасының қаражаты есебінен	–

24	<p>ПМ-нің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес мамандарын даярлау жөніндегі оқу орталығында ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды жалғастыру</p>	оқыту курстары	ПМ	жыл сайын	<p>001 "Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде</p>	РБ
25	<p>Жоғарғы Соттың жанындағы Сот төрелігі академиясының базасында адам саудасына байланысты қылмыстық істерді қарау бойынша судьялардың біліктілігін арттыруды жалғастыру</p>	оқыту курстары, семинарлар, тренингтер	Ж С (келісім бойынша)	жыл сайын	<p>017 "Сот кадрларына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру" бюджеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде</p>	РБ
26	<p>Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы базасында адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша қылмыстық істерді қадағалауды және сотта мемлекеттік айыптауды қолдауды жүзеге асыру әдістемесін оқытуды енгізу арқылы прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды жалғастыру</p>	оқыту курстары, семинарлар, тренингтер	Б П (келісім бойынша)	2018 – 2020 жылдар	<p>Е Қ Ы Ұ бағдарламаларының Астанадағы офисінің "Көші-қон бағыттарындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы симуляциялық оқыту" жобасының қаражаты есебінен</p>	–

27	Құқық қорғау органдары мен басқа да құзыретті органдар үшін кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі оқу-әдістемелік материалдармен алмасу	оқу материалдары	ІІМ, БП (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)	2018 – 2020 жылдар	талап етілмейді	–
28	Әлеуметтік қызметкерлердің, психологтардың, қызу желі операторларының, еңбекпен қамту қызметтерінің қызметкерлерін, сондай-ақ адам саудасының құрбандарымен жұмыс жөніндегі мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу	оқыту курстары	ІІМ, Еңбекмині	2018 жыл	Норвегия Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын Орталық Азия бойынша Халықаралық көші-қон ұйымының (БҰҰ-ның Көші-қон агенттігі) "Өңірлік және жаһандық қатерлер контексінде Орталық Азияда адам саудасына қарсы күресті және осал мигранттарды қорғауды күшейту" жобасының қаражаты есебінен	–
Ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар						
29	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын дайындау және мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2020 жыл	талап етілмейді	–

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚК – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия

АКМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
АҚҰО – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
МҚІСҚА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ВАК – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
ЖБ – жергілікті бюджет
РБ – республикалық бюджет